

**«Қазақстанның коллекторлар Одағы»
ЗТБ Төрағасының
04.06.2018 жылғы №01ОД
Бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**«Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ
дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау туралы осы Ереже (ары қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу, пайдалану және сақтау тәртібін орнату мақсатында әзірленген.

1.2. Дербес деректер құпиялы, қатаң сақталатын ақпарат болып табылады. Дербес деректерді қорғау бойынша міндеттер дербес деректерді жинау сәтінен бастап пайда болады және оларды жою немесе дара биліктен айыру сәтіне дейін жұмыс жасайды.

1.3. Ереже «Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ атқарушы органының бұйрығымен бекітіледі және дербес деректерге қол жеткізу мүмкіндігі бар барлық жұмыскерлерге орындау үшін міндетті болып табылады.

2. ЕРЕЖЕНІҢ МАҚСАТТАРЫ

2.1. Осы Ереженің мақсаттары болып табылады:

- Одақ жұмыскерлерінің, контрагенттердің жеке тұлғаларының және Одаққа хабарласатын жеке тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғау талаптарын қамтамасыз ету, дербес деректерді өңдеу кезінде, оның ішінде жеке өмірдің дербес құқықтылығына, жеке және отбасы құпиясы құқықтарын қорғау талаптарын қамтамасыз ету;

- Дербес деректерді пайдалану және олармен жұмыс жасау кезінде Одақтың жұмыскерлерінің, сонымен қатар үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерін шектеу;

- Дербес деректерді құрайтын құжаттандырылған және құжаттандырылмаған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету, және дербес деректер субъектілерінің қауіпсіздігіне мүмкін болған қауіпті болдырмау;

- Алынған дербес деректердің тұтастылығы мен сақталуын қамтамасыз ету;

- Дербес деректерге қол жеткізу құқығын жүзеге асыру;

- Коммерциялық немесе басқа құпияны құрайтын дербес деректердің үшінші тұлғаларға мүмкін болатын жария етуін шектеу, осындай жария ету шығын (экономикалық, құқықтық немесе басқа) келтіруіне қарамастан.

2.2. Дербес деректерді өңдеу өзіне қосады: жинақтау; сақтау; өзгерту; толықтау; қол жеткізу, тапсыру, тарату; дара биліктен айыру, бұғаттау, жою.

3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ӨҢДЕУ МАҚСАТТАРЫ

3.1. «Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ (Одақ) келесі дербес деректерді жинау және өңдеуді жүзеге асырады:

- Одақ қызметкерлерінің дербес деректері – нақты жұмыскерге қатысты және еңбек қатынастарға байланысты қажет ақпарат, оған жұмыскердің жеке тұлғасын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өмірінің фактілері, оқиғалары және жағдайлары туралы деректер жатады. Осы ақпарат қызметтік құпияға жатады;

- Одақ контрагенттерінің (жеке тұлғаларының) дербес деректері – Одаққа олармен жасалған шарттар бойынша өз міндеттерін орындауға байланысты қажетті оның контрагенттерінің қызметкерлеріне немесе басшыларына қатысты ақпарат;

- Одаққа хабарласқан жеке тұлғалардың дербес деректері – борышкерлерге/заемшыларға қатысты және Одаққа олардан түскен шағымдарды және өтініштерде қарастыру үшін, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті ақпарат.

3.2. Дербес деректерді өңдеу келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- Еңбек қатынастар саласында – Одақтың қызметкерлерін есептеу, олардың өз еңбек міндеттерін орындау, кадрлық саясатта пайдалану үшін;

- Контрагенттермен шарттар жасау кезінде – шарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын есептеу үшін;
- Жеке тұлғалар Одаққа шағымдармен/өтінішпен хабарласқан кезде – хабарласқан тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету үшін.

3.3. Өңдеу үшін алынған дербес деректер Одақпен Қазақстан Республикасының аумағыда қолданылады.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1. Одақта дербес деректерді өңдеу заңдылық қағидаттарында жүзеге асырылады.

4.2. Одақ, сонымен қатар қол жеткізу шектелген дербес деректерге қол жеткізу алатын үшінші тұлғалар, дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің келісімісіз немесе басқа заңды негізсіз оларды таратуға тыйым салу бөлігінде талаптарды орындау жолымен олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

4.3. Олардың кәсіби, қызметтік қажеттілігімен, сонымен қатар еңбек қатынастарына байланысты, оларға қол жеткізу шектелген дербес деректерге белгілі болған тұлғалар, олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

4.4. Дербес деректерді өңдеу белгілі мақсаттарға жеткен соң шектеледі. Дербес деректерді жинаудың мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеу рұқсат етілмейді.

4.5. Дербес деректерді өңдеу кезінде дербес деректердің дұрыстығы, нақтылығы және жеткіліктілігі қамтамасыз етіледі, қажет болған кезде оларды өңдеудің мақсаттарына қатысты өзектілігі де.

4.6. Дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау және өңдеу мақсатына жеткен күнімен анықталады, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сонымен қатар жасалған шарттардың талаптарымен анықталмаса. Өңдеу мақсаттарына жеткен жағдайда немесе осы мақсаттарға жету қажеттілігі жоғалған кезде, дербес деректер жойылады немесе дара биліктен айырылады.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ АЛУ ТӘРТІБІ

5.1. Еңбек қатынастарын рәсімдеу кезінде дербес деректердің субъектісі – Одақтың жұмыскері осы Ереженің №1 Қосымшасына сәйкес тиісті форманы толтыру және оған қол қою арқылы дербес деректерді жинау, өңдеуге жазбаша түрде өз келісімін береді.

5.2. Контрагенттермен шарттық қатынастарда дербес деректердің субъектісінен келісім алу шартқа қол қоюмен белгіленеді, онда осындай келісімді ұсыну немесе жеке жазбаша келісімді ұсыну туралы шарттар көрсетіледі. Осы кезде, субъект орындалмаған міндеттемесі болған кезде дербес деректерді жинауға, өңдеуге деген келісімін қайтарып ала алмайды.

5.3. Одаққа жеке тұлғалар хабарласқан кезде олардың шағымдарын/өтініштерін қарастыру үшін олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі ұсынылады, сонымен қатар құпиялы ақпаратқа қол жеткізу, оның ішінде осы Ереженің №2 Қосымшасына сәйкес электронды форматтағы электронды құжаттың орнатылған формасын толтыру арқылы, тиісті форманы толтыру және оған қол қою арқылы дербес деректерді жинау, өңдеуге жазбаша түрде өз келісімін береді.

6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6.1. Дербес деректер субъектісі құқылы:

- Одақта өзінің дербес деректерінің болуы туралы білуге;
- келесі құрамдағы ақпаратты алуға: құқықтық негіздер, дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсатын, көздерін, әдістерін растау, дербес деректердің тізімін, дербес деректерді өңдеу мерзімдерін, оның ішінде олардың сақтау мерзімдерін, дербес деректерді қол жеткізу мүмкіндігі бар тұлғалар туралы деректерді;
- Одаққа хабарласуға;

- осы Ереженің №3 Қосымшасына сәйкес өтінішпен, тиісті құжаттармен расталған негіздемелер болған кезде, өзінің дербес деректерін нақтылау (өзгерту және толықтыру) туралы;
- дербес деректерді жинау, өңдеу шарттары бұзылғаны туралы ақпарат болған жағдайда, өзінің дербес деректерін бұғаттауға;
- егер дербес деректер толық емес, нақты емес, ескірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бұзумен жиналған және өңделген өзінің дербес деректерін бұзу туралы хабарласуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен орнатылған басқа да жағдайларда;
 - өзінің дербес деректерін дербес деректердің көпшілік қол жететін көздерінде таратуға өзінің рұқсатын беру (бас тарту);
 - өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1. Әрекет барысында Одақ дербес деректерді өңдеу кезінде оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сонымен қатар осы деректерге қатысты заңсыз әрекетерден сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Дербес деректерді жинау және өңдеу тек оларды қорғауды қамтамасыз ету жағдайларында жүзеге асырылады.

7.2. Дербес деректердің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі:

- Оларды қорғауды орындау үшін қажетті олардың дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде өңдеу кезінде, дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шараларды қолданумен;
- Дербес деректерге қатысты заңсыз қол жеткізу фактілерін анықтау және қажетті шаралар қабылдау;
- Ақпараттық жүйеде өңделетін дербес деректерге қол жеткізудің ережелерін орнату, сонымен қатар дербес деректермен жүргізілетін барлық әрекеттерді тіркеу және есепке алуды қамтамасыз ету;
- дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шараларды және дербес деректердің ақпараттандырылған жүйесінің қорғалу деңгейін қадағалау.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Ереже қол жетімді құжат болып табылады және Одақтың веб-сайтында Интернет желісінде орналастырылуы мүмкін.

8.2. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылуына аарады.

8.3. Осы Ереженің барлық өзгерістері мен толықтаулары Одақтың Атқарушы органының бұйрығымен бекітіледі.

**«Қазақстанның коллекторлар Одағы» ЗТБ /
ОЮЛ «Союз коллекторов Казахстана»****Дербес деректерді жинау және өңдеуге
КЕЛІСІМ/****СОГЛАСИЕ работника
на сбор и обработку персональных данных**

Мен/Я, _____,
(Т. А. Ә./Ф.И.О.)

«Қазақстанның коллекторлар Одағы» ЗТБ –не жұмысқа орналасуға үміткер болып, «Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ –не (бұдан әрі – Одағы) автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы, сондай-ақ мұндай құралдарды пайдаланбай, өзімнің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ аталған ақпаратты үшінші тұлғаларға беру және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда менің Одағына жұмысқа орналасуым туралы мәселені қарау мақсатында, үшінші тұлғалардан дербес деректерімді алу құқығына келісімімді беремін/
являясь кандидатом на трудоустройство в ОЮЛ «Союз коллекторов Казахстана», даю согласие ОЮЛ «Союз коллекторов Казахстана» (далее – Союз) на сбор и обработку своих персональных данных, как с использованием средств автоматизации, так и без использования таких средств, а также право на передачу указанной информации третьим лицам и получение персональных данных от третьих лиц в целях рассмотрения вопроса о моем трудоустройстве в Союз, а также в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Қолы/Подпись

Күні/Дата

**Ережеге №2 Қосымша
Электронды құжаттың формасы**

Осы форманы толтыра отырып, сіз өзіңіздің дербес деректеріңізді жинауға, өңдеуге және құпиялық ақпараты және банктік құпиясы бар деректерге қол жеткізуге жазбаша түрде келісім бересіз.

«Қазақстанның коллекторлар одағы» ЗТБ өтінішті беру үшін форманы толтыруыңызды өтінеміз:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. толығымен*	Туған күні
Тұратын мекенжайы*	Электронды поштаның мекенжайы: Email*
Мобильді телефон*	Үй телефоны
Бекітілген файл	
Сіздің хабарлама	

Дербес деректерді өңдеуге келісім және құпиялық ақпаратқа\банктік құпияға қол жеткізу*

Шағымды жіберу

* - Толтыру үшін міндетті алаң